

Баймуханбетова Э.Е.,  
Байнеева П.Т., Темирова Ж.

**Оңтүстік Қазақстан  
облысының еңбек  
ресурстарының, қаржы  
және кәсіпкерлік потенциалын  
зерттеу**

Берілген мақалада талданып отырған ресурстық потенциал Оңтүстік Қазақстан облысының еңбек ресурстардың, қаржылық және кәсіпкерлік потенциалдармен ашып көрсетілген. Берілген зерттеулер негізінде атап өтілген ресурстардың потенциалын тиімді пайдалану бағыттарын қарастыру және дамытуына әсер ететін факторларды анықтауға мүмкіндік береді. Мақалада аймақтық дамудың негізгі көрсеткіштері динамикасының талдауы жүргізілді: экономикалық іс-әрекет түрлері бойынша жалпы аймақтық өнімнің, бағыттары мен қаржыландыру көздері бойынша инвестициялық салымдардың, шағын және орта бизнес субъектілері санының, кәсіпорындар іс-әрекетінің қаржылық нәтижелерінің, демографиялық көрсеткіштердің, халықтың жұмысбастылығының көрсеткіштерін. Талдаудың негізінде авторлармен ОҚО бәсекелік артықшылықтары айқындалып, зерттелген аймақтың айтарлықтай жоғары ресурстық потенциалы туралы қорытынды жасалды.

**Түйін сөздер:** ресурстық потенциал, Оңтүстік Қазақстан облысы, инвестициялық салымдар, кәсіпкерлік, бәсекеге қабілеттілік, жалпы аймақтық өнім, халық саны, еңбек ресурстары, экспорт, жалпы табыс.

Baymuhanbetova E.E.,  
Bayneeva P.T., Temirova Zh.

**The research potential of labor,  
financial resources and business  
development of the South-  
Kazakhstan region**

Resource potential, analyzed in this paper, is presented in particular the potential of human resources, investments, the potential of small and medium-sized businesses in South Kazakhstan region. On the basis of these studies may identify the main factors affecting the development and use of the above types of potential. The article analyzes the dynamics of the basic indicators of regional development: Gross Regional Product by economic activity, investments in the areas and sources of financing, the structure of exports by main types of goods, the number of small and medium sized businesses, financial performance, demographics, employment indicators population. Based on the analysis, the authors identified a competitive advantage SKO and presents the findings of a sufficiently high resource potential of the investigated region.

**Key words:** resource potential, the South-Kazakhstan region, investments, entrepreneurship, competitiveness, gross regional product, population, labor, exports, gross income.

Баймуханбетова Э.Е.,  
Байнеева П.Т., Темирова Ж.

**Исследование потенциала  
трудовых, финансовых  
ресурсов и развития  
предпринимательства Южно-  
Казахстанской области**

Ресурсный потенциал, анализируемый в данной статье, представлен в частности потенциалом человеческих ресурсов, инвестиционных вложений, потенциалом развития малого и среднего предпринимательства Южно-Казахстанской области. На основе данных исследований возможно выделить основные факторы, влияющие на развитие и использование вышеприведенных видов потенциала. В статье проведен анализ динамики основных показателей регионального развития: валового регионального продукта по видам экономической деятельности, инвестиционных вложений по направлениям и источникам финансирования, структуры экспорта по основным видам товаров, количества субъектов малого и среднего бизнеса, финансовых результатов деятельности предприятий, демографических показателей, показателей занятости населения. На основе анализа авторами выявлены конкурентные преимущества ЮКО и приведены выводы о достаточно высоком ресурсном потенциале исследуемого региона.

**Ключевые слова:** ресурсный потенциал, Южно-Казахстанская область, инвестиционные вложения, предпринимательство, конкурентоспособность, валовый региональный продукт, численность населения, трудовые ресурсы, экспорт, валовый доход.


**ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН  
ОБЛЫСЫНЫҢ ЕҢБЕК  
РЕСУРСТАРЫНЫҢ,  
ҚАРЖЫ ЖӘНЕ  
КӘСІПКЕРЛІК  
ПОТЕНЦИАЛЫН  
ЗЕРТТЕУ**

Оңтүстік Қазақстан облысы экономикасы өнеркәсіптің жаңғыртуы, бәсекеге қабілетті өнім түрлерін шығару, өндірістегі қазақстандық үлесті көбейту есебінен ҮИИБ орындауына бағыттаған. Тәуелсіздіктің жылдарында облыстың экономикасында түбегейлі өзгерістер болды: даму институттары құрылды, экономика ресурстық бағыттылықтан инвестициялық бағытқа бет бұрды. Ал қазір біздің экономикамыз түгелдей инновациялық бағытқа өту кезеңінде тұр. Облыстың жалпы аймақтық өнімі (ЖАӨ) 2012 жылы 1 трлн 123 теңге болды.

Бұрынғы фосфор зауыты болған аумақта жаңа индустриалды аймақ ашылды, онда 23 жаңа кәсіпорындар жұмыс істейтін болады. Оларға бюджеттен маңызды преференциялар және жеңілдік беріледі. Кәсіпорындар ең қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз етіледі, су және электр энергиясы жеңілдетілген бағалармен жеткізіліп беріледі.

Ресурстық потенциалдың ең басты факторы халықтың саны Оңтүстік Қазақстан облысында жоғары қарқын екені белгілі. Сонымен бірге, ЖАӨ серпінін, тұтынушы бағаларының индексін, халық санының өсу қарқынын зерттеп, талдау 2008-2011 жж. ЖАӨ өсуі негізінен бағалардың жоғарылау есебінен болғанын көрсетеді.

2008-2012 жылдардағы жалпы өңірлік өнімнің өзгеру динамикасы 1-суретте келтірілген.



Ескерту – ОҚО Статистика департаментінің мәліметтері негізінде жасалды

**1-сурет** – Жалпы өңірлік өнімнің өзгеру динамикасы

Суреттен көріп отырғанымыздай, инфляцияның болуына және өнім бағалары күрт өсуіне қарамастан 2012 жылы ЖАӨ төмендегенін көріп

отырмыз. Алайда тренд сызығы жалпылама өсімді көрсетіп отыр. Экономикалық қызмет түрлері бойынша жалпы өңірлік өнім 1-кестеде келтірілген.

**1-кесте** – Экономикалық қызмет түрлері бойынша жалпы өңірлік өнім, млрд теңге

	2008	2009	2010	2011	2012 <sup>2)</sup>
Облыс бойынша	731,4	925,5	1205,3	1507,2	1122,9
Өнеркәсіп	112,4	195,7	320,6	297,2	252,7
Ауыл, аң аулау және орман, балық шаруашылығы	81,4	85,7	108,6	129,3	102,4
Көлік және байланыс	56,2	74,2	89,9 <sup>3)</sup>	113,1 <sup>3)</sup>	86,6 <sup>3)</sup>
Құрылыс	59,4	95,6	99,6	108,0	89,2
Сауда, автомобильдерді және үйде пайдаланатын бұйымдарды жөндеу	79,3	70,9	96,9	223,1	109,6
Өзге қызметтер түрі	342,7	403,4	489,7	636,5	482,4
Ескерту – ОҚО Статистика департаментінің мәліметтері негізінде жасалды [2]					

Кестедегі мәліметтер 2012 жылғы ЖАӨ төмендеуі барлық саладағы төмендеуіне байланысты екенін көріп отырмыз. Алдыңғы тарауда атап өткендей, ресурстық потенциалдың

басты көзі болып еңбек ресурстары табылады. Жалпы халқының саны (2-кесте) және туылу коэффициенті барлық облыстарға ОҚО қарағанда жоғары.

**2-кесте** – ОҚО халық саны, мың адам

	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012*
Облыс бойынша	2 282,5	2 331,5	2 462,8	2 511,7	2 567,7	2 621,5	2 678,3
Ескерту – ОҚО Статистика департаментінің мәліметтері негізінде жасалды							

Егер ОҚО аудандары мен қалаларындағы жағдайды талдайтын болсақ, ең көп халық саны Шымкент және Түркістан қалаларында, сонымен қатар Мақтаарал, Сайрам және Сарыағаш аудандарында шоғырланған (2-сурет).

Халық ең аз шоғырланған аудандардың қатарына Бәйдібек, Отырар, Созақ аудандары кіреді.

Экономикадағы жұмыспен қамтылған халықтың жылдық орташа саны 2012 жылы 1273,3 мың адамға жеткен, ал 2008-2012 жылдардағы динамикасы 3-суретте берілген. Берілгендерді талдамай-ақ түсінікті болып тұр.


ОҚО аудандары мен қалаларындағы қызметкерлердің тізімдік саны 4-суретте кескінделген.

Суреттегі берілгендер қызметкерлердің тізімдік саны Шымкенттен кейін Сайрам ауданында екенін байқап отырмыз. Жалпы қаржылық ресурстық потенциал көзі болып инвестициялар


табылады. Бес жылдағы ОҚО негізгі капиталға инвестициялар көлемі айтарлықтай өскен және 2012 жылы 315, 1 миллиардқа жетті (3-кесте).

ОҚО аудандары мен қалалары бойынша инвестиция салымдарының 2008-2012 жылдардағы динамикасы 5-суретте келтірілген.


Облыс экономикасына инвесторлардың қызығушылықтары көтерілуде, әсіресе, Шымкент қаласы мен Созақ ауданында. Соңғы жалдары жоғары қарқын алған Түркістан қаласы болды. 2011 жылмен салыстырғанда инвестиция көлемі 2,5 есе өсті. Сонымен қатар көлемі жағынан жоғары көрсеткіш болмағанымен 2011 жылмен салыстырғанда және 2008-2012 жылдарда жоғарылау қарқын алған аудандарды атап кету керек, олар Бәйдібек, Мақтаарал аудандары. Кері қарқын алған аудандар да бар: Отырар, Сайрам, Созақ аудандары.



Ескерту – ОҚО Статистика департаментінің мәліметтері негізінде жасалды  
**2-сурет** – ОҚО аудандары мен қалаларындағы халық санының өзгеру динамикасы



Ескерту: ОҚО Статистика департаментінің мәліметтері негізінде жасалды  
**3-сурет** – Экономикадағы жұмыспен қамтылған халықтың жылдық орташа саны




Ескерту: ОҚО Статистика департаментінің мәліметтері негізінде жасалды  
**4-сурет** – ОҚО аудандары мен қалаларындағы қызметкерлердің тізімдік саны, адам

**3-кесте – ОҚО негізгі капиталға инвестициялар**

	2008	2009	2010	2011	2012
Облыс бойынша	203 213	319043	262 595	273 094	315 089

Ескерту: ОҚО Статистика департаментінің мәліметтері негізінде жасалды

Ескерту: ОҚО Статистика департаментінің мәліметтері негізінде жасалды



**5-сурет – ОҚО аудандары мен қалалары бойынша инвестиция салымдарының 2008-2012 жылдардағы динамикасы**

**4-кесте – Негізгі капиталға бағытталған инвестицияларды қаржыландыру көздері бойынша бөлу нақты қолданыста болған бағаларда, млн теңге**

	2008	2009	2010	2011	2012
Негізгі капиталға бағытталған инвестициялар – барлығы	203213	319043	262595	273094	315089
соның ішінде					
қаржыландыру көздері есебінен:					
бюджеттік қаржы:	55398	86567	93642	101213	123147
өсу қарқыны, инд.		1,56	1,08	1,08	1,22
үлесі, %	27,3	27,1	35,7	37,1	39,1
олардан:					
Республикалық бюджет	42477	75203	68053	60103	78629
жергілікті бюджет	12921	11364	25589	41110	44518
кәсіпорындар мен ұйымдардың	80587	52615	79881	87491	126395
өсу қарқыны, инд.		0,65	1,52	1,10	1,44
үлесі, %	39,7	16,5	30,4	32,0	40,1
шетелдік инвестициялар	67228	161504	60983	54297	23109
өсу қарқыны, инд.		2,40	0,38	0,89	0,43
үлесі, %	33,1	50,6	23,2	19,9	7,3
Қарыз қаражаты	-	18357	28089	30093	42438

Ескерту – ОҚО Статистика департаментінің мәліметтері негізінде жасалды

Негізгі капиталға бағытталған инвестицияларды қаржыландыру көздері бойынша бөлу 4-кестеде келтірілген.

Кестедегі берілгендер негізгі капиталға бағытталған инвестициялар қаржыландыру көз-

дері – кәсіпорындар мен ұйымдардың меншікті қаражаты және бюджеттік қаржылар екенін көріп отырмыз. Шетелдік инвестициялардың жылдан жылға төмендеп отырғаны айқын байқалып отыр және 2012 жылы 7,3 пайыз болған. Салыс-

тырып қарайтын болсақ 2009 жылы шетелдік инвестициялардың үлесі 50, 36 пайыз болған. Қазіргі кездегі экспорттың құрылымы да ресурстық

потенциалды тиімді қолданудың алғышарты болып табылады. Негізгі тауарлар тобы бойынша экспорттың құрылымы 5-кестеде келтірілген.


**5-кесте** – Негізгі тауарлар тобы бойынша экспорттың құрылымы млн АҚШ доллар

	2008	2009	2010	2011	2012
<b>Барлығы</b>	2 214,3	1 537,7	1 826,8	2 533,6	3 011,5
Мал мен өсімдіктен шығарылған өнімдер, дайын азық-түлік тауарлары	305,7	236,8	239,3	270,7	298,8
Минералды өнімдер	1 232,0	737,9	999,4	1 689,9	2 015,7
Химия және сонымен байланысқан өнеркәсіп салаларының өнімдері (каучук пен пластмассаны қоса алғанда)	354,8	355,7	374,4		479,1
Тері шикізаты және одан жасалған бұйымдары	0,9	1,1	3,8	3,3	1,4
Ағаш, орман материалдары және целлюлоза-қағаз бұйымдары	-	0,5	0,4	0,7	1,8
Тоқыма және тоқыма бұйымдары	147,6	102,3	113,0	80,6	104,4
Аяқ киім, бас киімдер және галантереялық тауарлар	0,2	-	0,1	0,1	0,2
Құрылыс материалдары	0,5	0,3	0,0	0,0	0,0
Металл және одан жасалған өнімдер	140,5	86,6	85,6	113,3	75,9
Машина, құрал-жабдық, көлік құралдары, приборлар мен аппараттар	26,4	15,3	10,0	25,5	32,7
Өзге де тауарлар	5,7	1,2	0,8	2,0	1,5
Ескерту – ОҚО Статистика департаментінің мәліметтері негізінде жасалды					

Шағын және орта кәсіпорындар санының көбеюі кәсіпкерлік потенциалдың негізі болып табылады. Ең жоғары өсім Арыс және Түркістан қалаларында болды. Белсенді ШОК саны соңғы төрт жылда аса жоғары болды. 2012 жылдың 1

қаңтарына барлық шаруашылық жүргізуші субъекті саны 130579 бірліктерге жетті.

Шағын және орта кәсіпкерліктегі (ШОК) субъектілерінің санаттар бойынша саны 6-суретте келтірілген.



Ескерту – ОҚО Статистика департаментінің мәліметтері негізінде жасалды

**6-сурет** – Шағын және орта кәсіпкерлік (ШОК) субъектілерінің санаттар бойынша саны

Шағын және орта бизнестің белсенді (ШОК) субъектілерінің саны бойынша облыс республикада алдыңғы орындарда. Бұл көрсеткіш алдыңғы жылдарда өспек.

Барлық ШОК субъектілерінің өнім шығарылымы 7-суретте келтірілген. Суреттегі берілгендер барлық ШОК субъектілерінің өнім шығарылымы жылдан жылға өсіп келе жатқанын көріп отырмыз. Бұл көрсеткіш әсіресе орта кәсіпкерлік субъектілерінде жоғары, алайда динамика құбылмалы болып отыр. Ең аз шығарылым жеке кәсіпкерлерде екені байқалып отыр.


Соңғы жылдары кәсіпкерліктің дамуы жоғары қарқын алғанымен, экономиканың осы сек-

тордың сапалы өсуіне кедергі келтіретін мәселелер болды:

- салық жүйесінің жеткіліксіз конструктивтілігі – шағын бизнестің орташа бизнеске ауысуы үшін, шағын бизнестің өсуі үшін экономикалық ынталандырудың жеткіліксіздігі;


- үлкен транзакция шығындарына әкелетін кәсіпкерліктің қолдау инфрақұрылымның әлсіз дамығандығы.

Аудандар бойынша ШФҚ субъектілерінің өнім шығарылымы 8-суретте келтірілген. Суреттегі берілгендер ШФҚ субъектілерінің өнім шығарылымы Мақтаарал ауданында екенін байқап отырмыз.



Ескерту – ОҚО Статистика департаментінің мәліметтері негізінде жасалды

7-сурет – Барлық ШОК субъектілерінің өнім шығарылымы, млн теңге



Ескерту – ОҚО Статистика департаментінің мәліметтері негізінде жасалды

8-сурет – ШФҚ субъектілерінің өнім шығарылымы, млн теңге

**6-кесте** – ОҚО ірі және орта кәсіпорындардың қаржылық нәтижелері

	2008	2009	2010	2011	2012*
Салық салынғанға дейінгі жиынтық табыс (залал) қаржылық нәтиже, млн теңге	55 459,0	96025,4	174070,7	220258,7	66745,0
Табысты болған кәсіпорындары, жалпы санына %-бен	56,8	63,5	65,7	71,1	71,8
Залалды болған кәсіпорындары, жалпы санына %-бен	43,2	36,5	34,3	28,9	28,2
Ескерту – ОҚО Статистика департаментінің мәліметтері *2012 жылғы IV тоқсандағы деректер					

Ірі және орта кәсіпорындардың қаржылық нәтижелері 6-кестеде келтірілген.

Кестедегі берілгендер табысты болған кәсіпорындар 71,8 пайыз болғанын байқап отырмыз. Жалпы салық салынғанға дейінгі жиынтық табыс (залал) немесе басқаша айтқанда қаржылық нәтиже 2012 жылы 67 млрд теңге шамасында болды.

Сонымен қатар аймақтың бәсекелік артықшылықтары болып келесілер табылатынын атап кету керек:

- саудалық және көлік жолдарын дамыту үшін тиімді географиялық орналасуы (ОҚО ішімен ҚР Оңтүстік көлік коридоры өтеді, сонымен қатар Өзбекстанмен көршілес болуы);

- климаттық жағдайлар;

- шағын бизнестің меншікті салмағының жоғары болуы;

- пайдалы қазбалардың бай кен орындарының болуы (уран қорлары бойынша облыс бірінші орын алады, фосфорит және темір кендерінен – Қазақстанда үшінші орын алады).

Сайып келгенде, аймақтың еңбек ресурстарының, қаржы және кәсіпкерлік потенциалын зерттеу оның айтарлықтай мүмкіндіктері бар екенін байқауға болады. Қазақстан территориясындағы ең халқы тығыз орналасқан аймақ, инвестиция тартудың үткен мүмкіндіктері және кәсіпкерлік белсенділігінің артуы облыстың қарқынды дамуына үлкен үлес қоса алатынына себеп бола алады.

**Әдебиеттер**

1 Оңтүстік Қазақстан облысының демографиялық жылнамалығы.–Шымкент: ОҚО статистика Департаменті, 2013. – 230 б.

2 Оңтүстік Қазақстан облысы 2012 жылы // Статистикалық жылнамалығы. – Шымкент: ОҚО статистика Департаменті, 2013.–300 б.

**References**

1 Demographic Yearbook of SKO. - Shymkent: Department of Statistics of South Kazakhstan region, 2013. – 230 p.

2 South Kazakhstan region in 2012 // Statistical Yearbook. - Shymkent: Department of Statistics of South Kazakhstan region, 2013. – 300p.